



"Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Павлодар облысы Май ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 71/4 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Май ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдансын;

осы қаулыны Май ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Май ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Әмірін

Май ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "13" наурыздағы
№ 67/4 қаулысымен
бекітілген

"Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ) Май ауданының аумағында экономика және бюджеттік жоспарлау саласында

басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ ведомстволары жоқ.

3. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ азаматтық - құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140800, Май ауданы, Көктөбе селолық округі, Көктөбе ауылы, Абылайхан көшесі, 36.

10. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ жұмыс тәртібі: дүйсенбі-жұма сағат 9.00 - ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

11. Мемлекеттік органның толық атауы мемлекеттік тілде – "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде "Отдел экономики и бюджетного планирования Майского района" мемлекеттік мекемесі

12. Мемлекет Май ауданы әкімдігі тұлғасында "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ кәсіпкерлік субъектілерімен "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ мақсаты, қызметінің нысанасы, міндеттері мен өкілеттіктері

16. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ мақсаты ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру, мемлекеттің экономикалық және бюджеттік саясатын іске асыру мәселелері бойынша атқарушы органдарды үйлестіру, орта мерзімді кезеңге арналған аудандық бюджет пен ауылдық округтер бюджетінің болжамды көрсеткіштерін жоспарлау болып табылады.

17. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қызметінің нысанасы аудандық деңгейде экономикалық және бюджеттік жоспарлау мәселелерінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

18. Міндеттері:

1) Май ауданының әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру;

2) Май ауданының бюджеттік және инвестициялық саясатын қалыптастыру;

3) ауданның жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімді құрылымын қалыптастыру;

4) аймақтық дамыту саласындағы саясатты іске асыру.

19. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

1) Май ауданы әкімдігінің және әкімінің қарауына ұсыныстар енгізуге:

Май ауданының әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары, басымдықтары мен стратегиясы бойынша;

жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдар бойынша өздері қабылдаған актілерге өзгерістер енгізу немесе Май ауданының қолданыстағы даму стратегиясын іске асыруға кедергі келтіретін актілердің күшін жою туралы;

2) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, кәсіпорындармен, лауазымды тұлғалармен және азаматтармен белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға;

3) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын орындау және қолдану жөніндегі тапсырмалар беруге;

4) басшыларының келісімі бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын басқа да атқарушы органдардың мамандарын жұмысқа тарту;

5) мемлекеттік органдарда, соғта "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ мүддесіні білдіруге;

б) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасасуға.

2) міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметін жүзеге асыруға құқылы;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебін және қаржылық есептілігін жүргізу;

3) нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзіне бекітілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;

4) мекеме қызметкерлерінің кепілді еңбек жағдайларын және әлеуметтік қорғау шараларын қамтамасыз етуге.

20. Функциялары:

1) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын қалыптастыру;

2) бес жылдық мерзімге ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын нақтылау, жыл сайын әзірлеу, соның ішінде ауданның бюджеттік инвестияларының басымды тізімі мен бюджеттік параметрлері;

3) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, оның ішінде ауылдық округтер бюджеттерінің жобаларын әзірлеу бойынша ауданның атқарушы органдарының жұмысын үйлестіру, әдіснамалық сүйемелдеу;

4) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тұрақты мониторинг жүргізу;

5) аудан аумағын дамыту Бағдарламасын, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, түзету, мониторингілеу;

6) аудан аумақтарын дамыту Бағдарламаларын заңнамамен белгіленген тәртіпте қарастыру және келісу;

7) қызметтің нәтижелігін бағалау қорытындысы негізінде облыстық уәкілетті органға хабарлама (қарсылықтар) дайындау;

8) облыс әкімі мен аудан әкімімен келісілген кезекті қаржы жылына арналған меморандум мониторингі;

9) жергілікті мемлекеттік органдардың құрылымдық және функционалдық шолулар жүргізуін ұйымдастыру:

- өкілеттіктерді жіктеу бойынша жергілікті атқарушы органдарына ұсыныстар;

- мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беру;

- жергілікті атқарушы органдарының оңтайлы штат санын анықтау;

10) жергілікті атқарушы органдарының басқару кестесі мен құрылымы бойынша ұсыныстарды қалыптастыру;

11) атқарушы органдардың қызметтік және кезекші көлігінің лимитін бөлу бойынша аудан әкімі өкімінің жобасын әзірлеу және келісу;

12) ауданның басқару схемасын әзірлеу және бекіту;

13) бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беруге ұсынылатын жергілікті атқарушы органдардың функцияларын түгендеу жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамын бекіту бойынша аудан әкімі шешімінің жобасын әзірлеу және келісу;

14) аудандық бюджеттік комиссиясының қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету;

15) аудандық бюджет және ауылдық округтер бюджеттерінің бюджет процесін әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

16) жергілікті бюджеттерге және ауылдық округтердің бюджеттеріне үш жылдық кезеңге арналған түсімдерді болжау;

17) аудандық бюджеттік бағдарламалар және ауылдық округтердің бюджеттері, жоспарлы кезеңге арналған жаңа бастамаларға арналған лимиттер бойынша шығыстар лимиттерін айқындау және оларды әкімшілерге жеткізу;

18) аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктерінің және ауылдық округ әкімдіктерінің бюджеттік өтінімдерін қарау, олар бойынша қорытындылар дайындау;

19) жоспарлы кезеңге арналған аудандық бюджет және ауылдық округтер бюджеттерінің жобасын әзірлеу және тиісті қаржы жылына арналған аудандық бюджетті және ауылдық округтердің бюджетін нақтылау, түзету бойынша ұсыныстар енгізу;

20) аудандық бюджет жобасын және ауылдық округтер бюджеттерінің жобасын (аудандық бюджетке және ауылдық округтердің бюджетіне өзгерістер) аудандық бюджет комиссиясының қарауына енгізу және оны қарау нәтижелері бойынша түзету;

21) үш жылдық мерзімге жалпы сипаттағы трансферттер көлемін анықтау кезінде ауылдық округ бюджетінің болжамды параметрін есептеу;

22) аудандық бюджетті және ауылдық округтердің бюджетін бекіту, көтерме жәрдемақы мөлшері және бюджеттік кредит туралы, аудандық бюджетті және ауылдық округтердің бюджеттерін нақтылау, өз құзыреті шегінде басқа да мәселелер туралы аудандық мәслихат сессияларының шешімдерін дайындау;

23) аудандық және ауылдық округтердің бюджеттерін "Азаматтық бюджетті" әзірлеу және орналастыру;

24) бюджет мәселелері бойынша аудандық мәслихат сессияларының шешімдерін іске асыру туралы аудан әкімдігінің қаулылар жобаларын әзірлеу, оның ішінде объектілер бөлінісінде инвестициялық жобаларды қоса алғанда, басым жергілікті бюджеттік инвестициялар тізбесін әзірлеу;

25) бөлімнің құзыреттілігіне қатысты аудандық бюджет пен басқа да мәселелер бойынша баянат, түсіндірме хаттар, ақпараттық-сараптама құжаттары мен анықтамалар дайындау;

26) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік инвестициялық жобаларының инвестициялық ұсыныстары бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

27) мемлекеттің заңды тұлғалардағы жарғылық капиталында қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар мен жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларын, мемлекеттік-меншікті серіктестік жобаларын, соның ішінде концессиялық жобаларын бағалау мен мониторинг жасау;

28) бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелеріне, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемелеріне, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тұжырымдамалары мен конкурстық құжаттамасына және концессиялар саласындағы құжаттарға сараптама жүргізу үшін жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғаны тарту;

29) мемлекеттің заңды тұлғалар жарғылық капиталында қатысуы арқылы жоспарланатын бюджеттік инвестициялық жобалар мен бюджеттік инвестициялар бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

30) іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін қалыптастыру;

31) Павлодар облысының шекара маңындағы аудандарын дамыту бойынша іс - шаралар Жоспарын іске асыру туралы ақпараттарды дайындау, әзірлеу және түзету;

32) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы "Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" № 990 қаулысына сәйкес, өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша ақпарат дайындау;

33) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі "Ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттарды бекіту туралы" № 81 бұйрығына сәйкес перспективті кластерлерді айқындау әдістемесі бойынша тірек, спутниктік және шекара маңындағы ауылдық елді мекендердің тізбесін айқындау;

34) мемлекеттік көрсетілген қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді және олар бойынша талап-наразылық жұмыстарын жүргізу;

35) облыс әкімі, аудан әкімі тапсырмаларын орындау туралы (өз құзыреті шегінде) жинақ есептер мен ақпараттар дайындау;

36) депутаттардың, аудандық мемлекеттік органдар мен аумақтық басқармалардың сұрау сауалдарына жауаптар (жауаптар жобаларын) дайындау (құзыреті шегінде);

37) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алуды және қарауды, бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдауын өткізуді қамтамасыз етеді;

38) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, жүргізу және ұйымдастыру;

39) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ ақпараттық ресурстар жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ету;

40) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарын әзірлеу және мемлекеттік сатып алулар бойынша есептіліктер жасау, мемлекеттік сатып алу үрдісін ұйымдастыру мен өткізу;

41) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ ұйымдастырушы әкімгер ретінде саналып, бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыру, оларды қалыптастыру, бюджеттік бағдарламалардың қаржыландыру жоспарын орындау;

42) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

21. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

22. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

23. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ бірінші басшысында орынбасарлар жоқ.

24. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) аудан әкімдігінің бекітуіне "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ туралы Ережені және оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізуін ұсынады;

2) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылықты жүзеге асырады, "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасы заңнамамен белгіленген тәртіпте "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қызметкерлерін мадақтайды, материалдық көмек көрсетуді және оған тәртіптік жазалар қолданады;

5) өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша нұсқаулықтар береді және бұйрықтар шығарады;

6) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдарда, сотта және меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдарда мүддесін ұсынады;

8) мемлекеттік мекеменің қызметкерлерінің қатысуымен мәжілістер өткізеді;

9) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

10) "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қызметкерлерін іссапарға жібереді;

11) азаматтардың жеке қабылдауын жүзеге асырады;

12) барлық мемлекеттік органдарда, сотта және өзге ұйымдарда меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ мүддесін қорғау құқығына сенім хат береді;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және оған дербес жауап береді.

"Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

25. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ коммуналдық мүлікті басқару уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) арасындағы қарым - қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

26. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ тиісті саласының уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

27. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ еңбек ұжымы өзара қарым-қатынас мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

4-тарау. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ мүлкі

28. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ өзіне берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату

31. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қысқартылған кезде несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғыннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншігінде қалады.

33. "Май ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ қарамағында ұйымдар жоқ.